

## «Жастар жалыны – 2025» студенттік фестивалінде жарқын жеңіс!

2025 жылы 15-17 қараша Астана қаласында өткен жоғары оқу орындары арасындағы дәстүрлі «Жастар жалыны – 2025» студенттік фестивалінде университетіміздің талантты жастары үлкен жетістікке қол жеткізді.

Вокал номинациясы бойынша 2-орынды – Айнұр Садвақасова, ал 1-орынды – «Шабит» ұлт аспаптар ансамблі иеленді.

Бұл жеңіс – жастардың өнерге деген сүйіспеншілігі мен табанды еңбегінің нәтижесі. Қатысушылар университетіміздің намысын абыроймен қорғап, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.

Ұжымға шығармашылық табыс, алда бұдан да биік белестерді бағындыруға тілектеспіз!

